

Дәріс № 2

Тақырып: Сөздің лексика-семантикалық табиғаты

Лауазымы: филология ғылымдарының кандидаты, доцент

Кафедра: «Қазақ филологиясы»

Көшімова Бибатпа Әмірханқызы

Дәрістің жоспары:

1. Сөз және оған тән белгілер
2. Сөз, ұғым, мағына және олардың арақатынасы

Сөз және оның белгілері

Сөз тілдің, оның өзіндік құрамының заттар мен құбылыстарды, олардың қасиеттерін, шындық өмірдегі қатынастарды атап білдіретін негізгі бірлігі

Сөз біткеннің бәрі де тілдегі дыбыстардан жасалады, дыбыссыз сөз жоқ. Сөз – дыбыстық құрылымның жиынтығы, сол арқылы жарыққа шығады. Сөзді жасайтын дыбыстар қалай болса солай емес, тілдің фонетикалық заңдылықтарына сәйкес қалыптасады

Сөз дыбыстық құрылымнан жасала отырып, зат, құбылыс, іс-қимыл жайында жалпыға түсінікті, халық таныған ұғымды (мағынаны) білдіреді.
Мағынасыз сөз жоқ.

Сөз грамматикалық тұрғыдан қарағанда сөз таптарына тікелей қатысады, соларға телулі болады. Сонымен бірге әрбір сөз түбір морфемадан, не түбір мен қосымша морфемадан тұрады, солардың жиынтығы болады.

Сөз құрылымының тұрақтылығы. Дербес сөз болу үшін оның құрылымына өзгеріс енгізуге болмайды. Сөздің тұтастығы сақталады.

Сөз сөйлеу үстінде даяр қалпында қолданылады. Сөйлеу үстінде жасалмайды.

Сөздің о баста зат я құбылысқа атау болып қалыптасуының себебін көрсету мүмкін еместігі

ҰҒЫМ – логикалық категория, ойлау процесінің нәтижесі. Ұғым дегеніміз – шындық өмірдегі зат, құбылыс, іс-әрекетке тән басты белгілердің адам санасында жинақталып, қорытылып берілген бейнесі. Заттар мен құбылыстар жайындағы біздің санамыздағы осы күнгі ұғымдар адамның сезім мүшелері мен түйсігі арқылы ұзақ уақыт бойы сыртқы дүниемен араласуының, оны танып білуінің нәтижесінде туған. Адам заттар мен құбылыстарды танып білуде өзінің жадында олардың ең басты айрықша белгілерін сақтаған. Сол, айрықша, ортақ белгілердің негізінде зат, құбылыс жайында ұғым қалыптасқан.



Сөз
(ұғым тілдегі сөздердің негізінде туады, сол арқылы жарыққа шығады. Сөз ұғымның материалдық көрсеткіші).

Ұғым мен сөз арасындағы байланыс

Сөздің негізгі қызметі
– атау, яғни зат,
құбылыс, әрекетті,
олардың белгілерін
атап білдіру

Ұғым сияқты сөзде де зат,
құбылыстың жалпы,
айрықша белгілері
жинақталып, топшыланып
беріледі

Сөз жалқы бір сөзді ғана
атап білдірмейді,
жалпылап, бір тектес
заттарды білдіреді

Сөз бен сол сөз атап
білдіріп тұрған зат,
құбылыс арасында ешбір
табиғи байланыс
болмайды

Сөздердің барлығы бірдей
қалыптасқан логикалық
ұғымды білдіре бермейді

Дербес
мағыналы
сөздер

Дербес
мағынасы
з сөздер

Сөз және оның мағынасы

Лексикалық мағына

Сөздерді бір-бірінен ажыратып, танудағы ең негізгі мағынасы

Грамматикалық мағына

Грамматикалық амал тәсілдер арқылы туатын, сөздің бірыңғай топтары мен сөз тұлғаларына, синтаксистік құрылымдарға тән, дерексіз мағына